



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

ҚЫРКҮЙЕК 2021

Қыркүйекте тұтыну бағалары 0,4%-ға өсті, жылдық инфляция жеделдетуді жалғастырды және 8,9%-ды құрады. Инфляцияның барлық компоненттері бойынша үдеу байқалды, инфляцияға негізгі үлесті азық-түлік тауарлары қосады. Ұзақ мерзімде пайдаланылатын тауарлар бағасының серпіні азық-түлік емес инфляцияға қысым көрсетуді жалғастыруда, бұл ретте дизель отынының қымбаттауы қосымша үлес қосып отыр.

Қыркүйек айында айлық инфляция 0,4% құрады. Жеміс-көкөніс өнімдері бағасының маусымдық төмендеуі оқушылар мен студенттерге бағытталған тауарлар мен қызметтер бағасының өсу әсерін әлсіретті.


Инфляцияның жылдық деңгейі 8,9%-ға дейін өсті. Негізгі үлес **азық-түлік** тауарлары тарапынан қамтамасыз етіледі, олардың өсу қарқыны 2021 жылғы тамыздағы 11,4%-дан қыркүйекте 11,5%-ға дейін жеделдеді. Ет азық-түлік инфляциясын жеделдетуге айтарлықтай үлес қосты, атап айтқанда, құс еті мен сиыр етінің айтарлықтай қымбаттауы байқалды. Белсенді әлемдік сұраныс пен шектеулі ұсыныс аясында әлемдік тауар нарықтарында ет бағасының өсуі байқалады. Ішкі өндірушілер бағасының өсуі және әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағалардың өсуінің қайта басталуы нәтижесінде сүт өнімдерінің қымбаттауы жалғасты. Сонымен қатар, қант, май және тоң май бағасының өсуінің баяулауы байқалды, олар бұған дейін белсенді өсуді көрсетті.

1-График. Азық-түлік инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2-График. Азық-түлік инфляциясы




Азық-түлік емес жылдық инфляция қыркүйекте 7,5%-ға дейін (2021 жылғы тамызда-7,3%) жеделдеді. Бағаның негізгі өсуі үйде пайдалануға арналған тауарларға, құрылыс материалдарына, ЖЖМ-ге түсті.

Жеткізілімдегі іркілістер, импорттық жеткізілімдер бағасының өсуі және халықтың нақты кірістерінің қалпына келуі аясында сұраныстың өсуі нәтижесінде үйге арналған тауарлар (жиһаз, кілем, ыдыс-аяқ) бағасының өсуінің жеделдеуі тіркелді. Негізінен импортталған, тұрғын үйді жөндеуге арналған материалдарға бағаның өсуі жалғасты. Сонымен қатар, сұраныстың қалпына келуі жағдайында дизель отыны бағасының өсуінің жеделдеуі жалғасты.

2021 жылғы қыркүйекте **ақылы қызметтер** бағасының жылдық өсуі басым түрде білім беру қызметтерінің барлық түрлері бойынша, атап айтқанда жоғары білім үшін ақы төлеудің айтарлықтай қымбаттауы, сондай-ақ негізгі жоғары оқу орындары орналасқан қалаларда тұрғын үйді жалға алу қызметтері қымбаттауы нәтижесінде 6,8%-ға дейін (2021 жылғы тамызда – 6,6%) жеделдеді.


Сонымен қатар, реттелетін қызметтер тарифтерінің өсу қарқыны сүмен жабдықтау қызметтердің бағаларының төмендеуі салдарынан біршама баяулады.

3-График. Азық-түлік емес инфляция



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

4-График. Ақылы қызметтер




Шығындар тарапынан бағаларға қысым жоғары деңгейде сақталуда, өндірушілердің азық-түлік өнімдеріне бағасының өсуі 2019 жылдың аяғынан бастап жалғасуда

Соңғы айларда (шілде-қыркүйек) ішкі нарықта шығарылатын өнімге өңдеуші саладағы өндірушілер бағасының өсуі баяулауды жалғастырды, алайда жоғары мәндерде (18,5%, ж/ж) сақталуда. Баяулау тренді тұтыну тауарларына да байқалды, атап айтқанда, мұнай өңдеу өнімдері бағасының өсу қарқынының біршама баяулауына байланысты. Алайда, азық-түлік өнімдерін өндіру саласындағы бағалар жеделдетуді жалғастырды, жылдық мәнде өсу қарқыны 15,1%-ға жетті. Қыркүйек айында ет-сүт өнімдері, ұн өнімдері, жарма және макарон өнімдерінің бағасы қымбаттай берді. Әрі қарай жеделдету өндіріс құралдарының бағаларын көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы өнімі қыркүйекте 1,3%-ға қымбаттады, жылдық мәнде өсу қарқыны 13,8%-ға дейін біршама баяулады. Сонымен қатар, өсімдік өнімдері соңғы айларда жеделдетуді жалғастырды, қыркүйекте бидай мен күріштің қымбаттауы байқалды.

5-График. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

6-График. Өнеркәсіп бағалары

